

## ҚазҰУ студенттері «Kazlogistics» одағының ұйымдастыруымен өтетін көлік қызметкерлерінің жастар форумына қатысты



Логистика салыстырмалы түрде жас және белсенді дамушы ғылым мен бизнес саласы болып табылады. Шет елде логистика соңғы онжылдықта тез дамыды. Қазақстан үшін логистиканың өндіріс, сауда, көлік және ақпараттық жүйелердің қалыптасуы мен дамуына тигізетін пайдасы зор, біздің елдің әлемдік экономикалық және ақпараттық кеңістікке интеграциялануын тездетуге мүмкіндік береді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласының Қазақстан экономикасындағы ерекше рөлін және оны жетілдіру маңыздылығын атап өткен болатын. Осы орайда, 31 қазан - 1 қараша аралығында «Kazlogistics» одағының ұйымдастыруымен IX көлік қызметкерлерінің жастар форумы өткізілді. Міне, осымен тоғызыншы рет форумның бастамашысы және идеялық дем берушісі – «KAZLOGISTICS» көлік қызметкерлері одағы болып табылады. Жастар форумы бірнеше турдан тұрды және форум аясында көлік саласының жетекші мамандары шеберлік дәрістерін өткізілді. Форумның мақсаты - көлік саласының болашақ мамандарын көлік-логистика саласының жетістіктерімен таныстыру процесіне тарту, сондай-ақ білімдерін, біліктілік және дағды деңгейін бағалау.

Форумның I туры «KAZLOGISTICS CUP 2022» шағын футбол 31 қазанда өтті және ҚазҰУ-нің логистика мамандығының студенттері қатысудан қалыс қалған жоқ. Форум «KAZLOGISTICS» бас директоры Ерлан Әбсатов қатысушыларды құттықтап, сондай-ақ, одақ атынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жастар форумының бірінші күні футбол алаң бергені үшін алғысын білдірді. Бірінші кезеңге ҚазҰУ атынан «Бизнес-технологиялар» кафедрасының логистика мамандығының студенттері Төлепбек Дастан, Жүзжасар Райымбек, Шохан Уәлихан, Қапан Талғат, Батырхан Бақдәулет, Жұмақанов Жан, Аманов Сұлтан, Тоқтарбек Ерлан студенттері қатысып, жүлделі III орынға ие болды. Жарысқа қатысқан 11 университет ішінен алға суырылып шыққан

студенттерімізге бас директор Ерлан Әбсатовтың қолынан дипломдар мен ақшалай сыйлықтарды табыстады.

1 қараша күні «Ой-Қарағай» тау курортында жастар форумының II туры өтті. Оған ҚазҰУ атынан Экономика және Бизнес жоғары мектебінің, «Бизнес-технологиялар» кафедрасының логистика мамандығының 4 курс студенттері Алимбаев Темірлан, Ақмолда Бекарыс, Қадыр Айкерім және Үсен Жұлдыз қатысты. Жастар форумының II туры жалпы екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңінде, студенттерге кейс-тапсырмалар берілді. Оны шешу үшін көмек ретінде білікті мамандар қатыстырылды. ҚазҰУ тобына тәжірибелі маман ретінде Көшетаев Диас қатысты. Ол ҚазҰУ түлегі, әрі қазіргі уақытта логистика мамандығының 1 курс магистранты болып табылады. Екінші кезеңде, «Жасыл логистикадағы инновация» тақырыбында қатысушылардың жасаған макеттері таныстырылды. Жалпы, сайыс нәтижесі бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің, Экономика және Бизнес жоғары мектебінің, «Бизнес-технологиялар» кафедрасының 4 курс логистика мамандығының студенттері жүлделі III орынға ие болып, 100.000 теңге көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болды.

«KAZLOGISTICS» IX жастар форумы «KAZLOGISTICS» Қазақстан көлік қызметкерлері кәсіподағының ұйымдастыруымен «ҚТЖ» АҚ, CILT Central Asia, сондай-ақ АҚШ-тың халықаралық даму агенттігінің Орталық Азиядағы сауда бойынша USAID бағдарламасының көмегімен өткізілді. Форум аясында ҚазҰУ студенттері үлкен тәжірибе алып, жақсы нәтижелер көрсетті. **Өзім қатысушы, әрі логистика мамандығының студенті ретінде осындай форумдарға қатысу арқылы логистика мамандығының қыр сырларымен танысып, білікті мамандардан білім алдым.** Осындай форумдарға қатысуға мүмкіндер ұсынғаны үшін ҚазҰУ оқытушыларына және жоғары дәрежеде іс-шараны өткізгені үшін «KAZLOGISTICS» ұйымына алғыс білдіреміз. Мұндай жастар форумының жылда ұйымдастырылуы логистика саласында білім алып жатқан студенттердің білімдерін тереңдетуге, логистика қызметінде тәжірибе алмасуға және Қазақстанда логистика саласының дамуына септігін тигізбек.

**Ахметова Зауреш Болатхановна**  
**«Бизнес-технологиялар» кафедрасының меңгерушісі**  
**Чемирбаева Мергуль Берикхановна**  
**Бизнес-технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы**  
**Мұса Қарлығаш Асылқызы**  
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,**  
**«Бизнес-технологиялар» кафедрасының оқытушысы**  
**Үсен Жұлдыз Ғаниқызы**  
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,**  
**«Бизнес-технологиялар» кафедрасының 4 курс студенті**